

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің № 4 мәжілісінің хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

21.12.2023 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілетін түрі: Сенат залы

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрайымы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, монография авторы, жоба жетекшісі

Күн тәртібі:

1. Факультеттер мен ҒЗИ/ҒЗО-дың 2023 күнтізбелік жылында орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының Стратегиялық даму жоспары мен негізгі индикатор көрсеткіштер бойынша есептерін тыңдау және 2024 жылғы жоспарларын бекіту (*Индикативті жоспар бойынша*) (*Баяндамашылар: факультет декандары/ҒЗИ директорлары*);

2. Жоғары білімнен кейінгі білім берудің докторантура бағдарламалары бойынша 2023–2024 оқу жылына қабылданған докторанттардың диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов*);

3. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жасалған келісім-шарттардың орындалуы туралы есеп (магистранттар бойынша) (*Қосымша №3 бойынша ұсынады*) (*Баяндамашылар: Факультет декандары, Коммерцияландыру офисі*);

4. Әр түрлі мәселелер.

4.1 PhD, қауымдастырылған профессор Ш.Р.Қурбанбеков дайындаған Титан және ұшқынды плазмалық пісіру әдісімен дайындалған титан негізіндегі қорытпалар (*Рецензенттері: Ш.Ж.Раманкулов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, PhD доктор, қауымдастырылған профессор; К.Б.Глебаев, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Физика кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.д; Т.А.Тұрмамбеков, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, д.ф.-м.н.; ҰК1 –5,35%, ҰК2–1,84%*) атты монографиясын Ғылым комитетінде талқылау.

4.2 «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының регламенті ҒК қарау. (*Баяндамашы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жауапты хатшысы Г.Байсенқұл, «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры М.Ерденев*).

4.3 ҚР ҒЖЖБМ 2022-2025 жылдарға арналған коммерциялық қаржыландыру бойынша жобаның жетекшісі М.Ерденевтың АР14870298 «Инновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ботаникалық бағының бағалы гендік қорын сақтау» тақырыбындағы ғылыми жобаның аралық есебін бекіту.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Факультеттер мен ҒЗИ/ҒЗО-дың 2023 күнтізбелік жылында орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының Стратегиялық даму жоспары мен негізгі индикатор көрсеткіштер бойынша есептерін тыңдау және 2024 жылғы жоспарлары шартты түрде қабылдансын. Факультет, ҒЗИ/ҒЗО-лардың есептері толықтырылып, дәлелдеуші құжаттарымен 28.12.2023 ж. дейін тапсырылсын.

2. Жоғары білімнен кейінгі білім берудің докторантура бағдарламалары бойынша 2023–2024 оқу жылына қабылданған докторанттардың диссертация тақырыптары Сенатқа бекітуге ұсынылсын.

3. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жасалған келісім-шарттардың орындалуы туралы есебі (магистранттар бойынша) заң бөлімінде қаралып, қорытынды баға берілсін және келесі ҒК мәжілісіне факультет декандарынан ұсыныс талап етілсін.

4. Әр түрлі мәселелер:

4.1. PhD, қауымдастырылған профессор Ш.Р.Қурбанбеков дайындаған Титан және ұшқынды плазмалық пісіру әдісімен дайындалған титан негізіндегі қорытпалар атты монографиясын (*автордың өз қаражатының есебінен*) баспаға ұсынылсын.

4.2. «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының регламенті Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

4.3. ҚР ҒжЖБМ 2022-2025 жылдарға арналған коммерциялық қаржыландыру бойынша жобаның жетекшісі М.Ерденовтың AP14870298 «Инновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ботаникалық бағының бағалы гендік қорын сақтау» тақырыбындағы ғылыми жобаның аралық есебі қабылданып, бекітілсін.

Ғылым комитетінің төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:



А.Ошибаева

Д. Төлегенова